

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ
Жылу энергетикасы факультеті
«Экономика, өндірісті ұйымдастыру және басқару» кафедрасы

БЕКІТЕМІН

ЖЭФ деканы _____ Зияханов М.У.

«_22_» _____ 06 _____ 2017ж.

Пәннің силлабусы
АВ4231 -«Экономика және өндірісті ұйымдастыру»
5В070200- Автоматтандыру және басқару мамандығы

Курс	4
Семестр	7
Барлық несиелер	3
ECTS бойынша барлық несиелер	5
Баплық сағат саны	135
Соның ішінде:	
Дәрістер	22
Практикалық (машықтану) сабақтар	8
Зертханалық сабақтар	30
СӨЖ	75
Соның ішінде СОӨЖ	15
Семестрлік жұмыс	3
Емтихан	

Алматы, 2017 ж.

Силлабус ЭӨҰжБ кафедрасының доценті Түзелбаев Б.И. 5В070200 - Автоматтандыру және басқару мамандығының жұмыстық оқу жоспарының негізінде құрастырған.

Силлабус «Экономика, өндірісті ұйымдастыру және басқару» кафедрасының мәжілісінде қарастырылды және мақұлданды.

Хаттама № 10, 20.06.2017ж.

Кафедра меңгерушісі

А. Жакупов

Силлабус жылу энергетикасы факультетінің оқу-әдістемелік комиссиясының отырысында қарастырылған және бекітілген.

Хаттама №4, 22.06.2017 жыл.

1. Оқытушы:

Түзелбаев Бакберген Ибадиллаұлы – ЭӨҰЖБ кафедрасының доценті, э.ғ.к., А416-шы кабинет.

Тел: 8(727)2923390, bakbergen@yahoo.com

2 Аудиториялық сабақтарды жүргізудің уақыты мен орны оқу сабақтарының кестесінде көрсетілген, СОӨЖ ақыл-кеңес беру графигі факультет деканатының (Б 227) немесе ЭӨҰЖБ кафедрасының (А416) хабарландыру тақталарында ілінеді.

3 Оқу пәнінің сипаттамасы

3.1 Пәннің мақсаты – студенттерді техникалық және экономикалық жағынан да тұтастай үздіксіз дайындау және экономикалық амалдармен техникалық есептерді шешуге үйрету.

3.2 Пәннің міндеті – студенттерді өндіріс экономикасын оқып үйрену, өндірісті жоспарлау және ұйымдастыру саласындағы білімдермен қамтамасыз ету, шаруашылық жүйелерін жетілдіру, бағаны ұйымдастыру, ғылыми-техникалық прогресті экономикалық тұрғыдан тездетіп шешу мәселелерін терең үйретуге білім беру болып табылады.

3.3 Пәннің сипаттамасы

Экономика және өндірісті ұйымдастыру пәні студенттердің теориялық және практикалық жағынан энергетика саласында экономикалық білімдерін игеру және оларды нарықтық қатынас шартында қолдана білуді білдіреді. Электр мен жылу энергиясын өндірудегі өзіндік құнның құраушылары, энергетикада тарифті қалыптастыру әдістері, энергетикалық кәсіпорындардың материалдық, қаржылық, еңбек ресурстары мен басқару негіздері қарастырылады. ОӘК кәсіпорындарында технологиялық үрдістерді автоматтандыруды енгізуді экономикалық бағалауға әдістемелік амалдар беріледі.

Экономика және өндірісті ұйымдастыру пәнін оқу нәтижесінде студент төмендегі мәселелер бойынша жалпы ұғымдармен

1) таныс болуы қажет:

- қазіргі жағдайда өндіріс қызметін ұйымдастырудың негізгі тәсілдері мен қағидалары, кәсіпорынның ұйымдастырушылық-құқықтық субъектілерінің қызмет ету ерекшеліктері;

- кәсіпорынның материалдық базасын ұйымдастыру, өндірісті дамытудың бизнес-жоспары мен стратегиясын дайындау әдістемесі, кәсіпорын қызметін мемлекеттік реттеу;

- ынталандыру әдістері мен тетіктері және басқалар.

2) білу керек:

- кәсіпкерлік қызмет пен кәсіпорындағы еңбек жағдайы, еңбек ақы төлеу, шығындардың қалыптасуы, өзіндік құнды есептеу, пайданы бөлу, тиімділікті анықтау әдістерін оқып-үйрену;

- нарықтық экономикадағы өндірісті инвестициялау көрсеткіштерін, оның инновациялық белсенділігін арттырумен байланысты мәселелерді талқылау;

- өндіріс қызметін мемлекеттік реттеу, салық саясаты, несиелеу жүйесі, басқарушылық дағдыларға қатысты сұрақтарды анықтап, олардың ерекшеліктерін меңгеру.

3) меңгере білу қажет:

- өзіндік құнды әртүрлі экономикалық есептеулерді жүргізу әдістемелерін игеру және оларды талдай білу, материалдық, қаржылық және еңбек шығындары кезінде өндірістік-шаруашылық қызметтің ең жоғарғы нәтижелеріне жетуді меңгере білуді;

- ОӘК кәсіпорындарда технологиялық және басқару үрдістерін автоматтандыруды енгізуді экономикалық бағалауды жүргізуді;

- кәсіпорында қайта құру мәселелерімен танысу және басқармалық қызметтерді

тануды.

3.4 Пән пререквизиттері: Экономикалық теория негіздері.

3.5 Пән постреквизиттері: Дипломдық жұмымтың экономикалық бөлімі

4 Пәннің құрылымы және мазмұны

4.1 Теориялық дайындық

Тақырып №	Тақырыбы (модульдер, бөлімдер)	Дәріс сағаттары	Әдебиеттер
1	Курс пәні мен мәселелері. Кәсіпорын түрлері, ұйымдастыру формалары	2	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 13
2	Энергетикадағы нарықты қалыптастырудың теоретикалық негіздері, мәні және принциптері	2	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 4, 5, 13, 15
3	Кәсіпорынның өндірістік негізгі және айналым қорлары	4	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 5, 8, 13, 15
4	Өндіріс шығындары, өнімінің өзіндік құны, бағасы	2	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 5, 8, 13, 15
5	Пайда, рентабелділік, кәсіпорын қаржылары.	2	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 5, 8, 13, 15
6	Салық жүйесі. Инвестициялар мен жобаны бағалау	2	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 5, 8, 13, 14, 15
7	Өндірісті ұйымдастыру. Өндіріс және құрылым түрлері, әдістері	2	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 5, 8, 13, 15
8	Еңбекті ұйымдастыру.	2	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 5, 8, 13, 15, 16
9	Энергетикадағы ұйымдастыру және басқару.	2	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 5, 8, 9, 13, 15
10	Кәсіпорынның энергетикалық шаруашылығы, балансы, жаңармалы энергия көздерін қолдану және энергетикалық бақылауды ұйымдастыру	2	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 4, 12, 13, 14, 15, 16, 22

4.2 Практикалық дайындық

4.2.1 Зертханалық жұмыстардың үлгілік тізімдері

Тақырып №	Тақырыптардың аттары	Пайдаланған әдебиеттердің номері және бөлімі
1	Электрлік цехтың жөндеу жұмыстары бағдарламасының құрылымы мен көлемін анықтау (4 сағат)	Дәрістер, Ә.1, 2, 9, 16, 18, 19, 34
2	Электрлік цехтың жұмысшылар санын анықтау (4 сағат)	Дәрістер, Ә.13, 14, 19, 20, 22, 34
3	Электрлік цехтың кезекші мен жөндеу персоналдарының еңбекақысын жоспарлау (6 сағат)	Дәрістер, Ә.1, 2, 9, 16, 18, 19, 34

4	Жұмыс бригадасы мүшелерінің еңбекақысын анықтау (6 сағат)	Дәрістер, Ә.1, 2, 9, 16, 18, 19, 35
5	Жабдықты жаңартудың экономикалық тиімділігін анықтау (6 сағат)	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 8, 9, 10, 11, 12, 34
6	Жабдықты жаңартудың экономикалық тиімділігін анықтау (4 сағат)	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 8, 9, 10, 11, 12, 34

4.2.2 Практикалық сабақтардың тақырыптары

Нөмірі	Тақырыптардың аттары	Әдебиеттер
1	Кәсіпорындардың негізгі қорлары және айналым қаражаты (2 сағат)	Дәрістер, Ә.1, 2, 9, 16, 18, 19, 36
2	Өндіріс шығындары, өнімнің өзіндік құны (2 сағат)	Дәрістер, Ә.13, 14, 19, 20, 22, 23
3	Қаржылық нәтижелер және кәсіпорын қызметінің тиімділігі (1 сағат)	Дәрістер, Ә.1, 2, 9, 16, 18, 19, 36
4	Кәсіпорындағы өндірістік үрдістерді ұйымдастыру. Ағымдық өндірісті ұйымдастыру және оның көрсеткіштерін есептеу (2 сағат)	Дәрістер, Ә.1, 2, 9, 16, 18, 19, 36
5	Кәсіпорын персоналы және еңбек ресурстарын пайдалану көрсеткіштері (1 сағат)	Дәрістер, Ә.1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 36

4.3 Есептік-сызба жұмыстар

Экономика және өндірісті ұйымдастыру пәні бойынша есептік-сызба жұмыстары әдістемелік нұсқаулар бойынша [34] орындалады. Есептік-сызба жұмыс бойынша ақыл-кеңесті доцент Тузелбаев Б. жүргізеді. Жұмысты қорғау 13 -14 апталарда жүргізіледі.

4.4 СӨЖ тақырыптары

- 4.4.1 Сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі.
- 4.4.2 Келісім-шарттық, еркін бағалар, энергетикадағы тарифтер.
- 4.4.3 Шығындарды электр энергиясы мен жылу энергиясына бөлу әдістері.
- 4.4.4 Энергетикадағы баға белгілеуді жетілдіру.
- 4.4.5 Сапаны басқаруды ұйымдастырудың негіздері. Өнім сапасы және сертификаттау.
- 4.4.6 Энергетикалық өнімнің сапасын қадағалауды технологиялық ұйымдастыру (электр энергиясы, жылу, сұйық, қатты және газ түріндегі отын).
- 4.4.7 Кәсіпорынның сырқы экономикалық қызметтері (КСҚ).
- 4.4.8 Еңбекті бөлудің халықаралық формалары.
- 4.4.9 Көмір, газ, мұнай және электр энергетикасы салаларындағы сырқы экономикалық қызметтер.
- 4.4.10 Бизнес-жоспардың сипаттамасы, оған қойылатын талаптар және құрылымы.

5 Аралық және қорытынды бақылау сұрақтары

1. Негізгі қорлардың құрамы мен құрылымы
2. Негізгі қорлардың амортизациясы және оның түрлері
3. Негізгі қорларды қолдану көрсеткіштері
4. Кәсіпорынның айналым қорлары(қаражаттары)
5. Айналым қорларының құрылымы

6. Ағымдағы қорларды үнемдеу және айналымдылығы
7. Кәсіпорын қаржысы
8. Кәсіпорын кадрлары және оның құрамы
9. Еңбек өнімділігі
10. Еңбекақы формалары
11. Кәсіпорын шығындарының құрылымы
12. Өнімнің өзіндік құнының құрылымы
13. Кәсіпорында бағаны белгілеу
14. Кәсіпорын шығынсыздығын талдау. Шығынсыздық(критикалық) нүктесі
15. Тұрақты және айналымы шығындар
16. Салық салу және салық түрлері
17. Табыс пен пайда
18. Пайданы бөліп тарату. Рентабелділік
19. Тарифтердің түрлері және маңызы
20. Эксплуатациялық қызмет жүргізуді ұйымдастыру
21. Энергетикалық жабдықтардың ЖСЖ-ін ұйымдастыру.
22. Жөндеудің міндеттері мен мәні. Жөндеудің түрлері.
23. Жөндеудің мерзімді қайталануы және оның құрылымы. Жөндеуді ұйымдастыру және оның тәсілдері.
24. Еңбекті ұйымдастыру және бөлу. Эксплуатация мен жөндеу персоналы
25. Еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасы
26. Кәсіпорынның энергетикалық балансы
27. Энергетикалық баланстардың мазмұны мен түрлері.
28. Өндірістік шығындарды жоспарлау
29. Кәсіпорынның энергетикалық шаруашылығы
30. Энергетикалық шаруашылықтың орны мен мәні
31. Жүйе ретінде энергетикалық шаруашылықтың қасиеттері
32. Энергияның дәстүрлі емес көздері.
33. Күн энергиясын қолдану. Жел энергиясын қолдану.
34. Кәсіпорындардағы энергияны үнемді жұмсау (сақтау)
35. Бизнес-жоспар жасау және оның маңызы
36. Келісімнің мақсаты мен міндеттері
37. БЖ-дың резюмесі, параметрлері және көрсеткіштері
38. Нарықты талдау және бағалау
39. Инвестиция мәні
40. Ақшаның уақыттық құны
41. NPV-ны анықтау әдістері
42. Ішкі табыс нормасын (IRR) есептеу
43. Инвестицияны қайтару мерзімін есептеу
44. Өндірістік жоспарлау: қағидалары, әдістері. Жоспар түрлері.
45. Фирма ішілік болжау және кәсіпорын қызметін жоспарлау.
46. Нарықтық экономика жағдайындағы жоспарлау
47. Энергетикадағы басқарудың мақсаттары.
48. Энергетикадағы басқару функциялары
49. Басқару әдісінің классификациясы, әкімшілік -құқықтық, экономикалық, моральды-тәрбиелік басқару әдістері.
50. Менеджмент саясаты
51. Менеджмент мақсаты
52. Басқару заңдары
53. Басқару қағидалары
54. Энергияны тұтынуды болжау әдістері.
55. Менеджменттегі мотивация
56. Маслоу бойыша қажеттілік
57. Әділдік теориясы
58. Маркетинг

6 Студенттердің баға деңгейі жөнінде ақпараттар

6.1 Бағалау жүйесі

Сіздің білім деңгейіңіз оқудың кредиттік технологиясында қабылданған курс бағдарламасы бойынша қорытынды бағалар шкаласына сәйкес бағаланады (1 – кесте).

1 – кесте

Баға	Балдың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Бағаның бұрынғы түрі
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағат
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

Рұқсат рейтингісінің бағасы семестр бойына жинақталады. Жұмыстардың әр түрі 100 баллдық шкаламен бағаланады және 2 – кестеге сәйкес коэффициенттік деңгей рұқсаты ағымдағы бақылаудың орташа бағасына қосылады.

2 – кесте. Әр жұмыс түрінің маңыздылығы.

Параметрлер	Коэффициент салмағы
Зертханалық жұмыстардың орындалуы	0,45
Есептік-сызба жұмыс	0,35
Дәріс және практика сабақтарына қатысуы	0,2
Ағымдағы бақылаудың орташа бағасы (Ор)	1,0

Аралық бақылау (АБ) академиялық күнтізбеге сәйкес семестрде екі рет өткізіледі. Әр АБ (А1 және А2) 100-баллдық шкаласымен бағаланады, ақпараттық жүйемен АБ бағасының орташа мәні есептеледі

$$B_{op} = (B_1 + B_2) / 2$$

және 0,2 салмақ коэффициентпен қабылдау бақылауына қосылады:

$$BP = 0,2B_{op} + 0,8Op.$$

Пән бойынша қорытынды баға шығарылады

$$Q = 0,6BP + 0,4E,$$

E – емтихандық бағасының сандық баламасы.

6.2 Бағалау саясаты

Жоғары бағалау балы жұмысты сапалы, біркелкі орындағанда қойылады. Тест және лекцияға қатынасу, дұрыс жауап беруге және дәріске келмеген жағдайларды ескеріліп, бағалау балдары қойылады.

6.3 Білім алушылардың оқу орындарының баға аударымдары

ҚР-да оқытындардың оқу жетістіктерінің бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесіне ECTS (кредиттерді жинақтау және трансферттің (ауыстырудың) Европалық жүйесі) бойынша бағаларды және кері ауыстыру 3-4 кестелерге сәйкес орындалады.

3 кесте - ҚР оқытындардың оқу жетістіктерінің бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі ECTS бойынша бағаларды ауыстыру

ECTS бағалау	Әріп жүйесімен бағалау	Санды эквивалент балы	%-дық мағынасы	Дәстүрлі баға
A	A	4,0	100	өте жақсы
B	B+	3,33	85	Жақсы
C	B	3,0	80	
D	C	2,0	65	қанағаттанарлық
E	D	1,0	50	
FX, F	F	0	0	қанағаттанғысыз

4 кесте - Балды – рейтингтік әріптік РК баға жүйесіне сәйкес ECTS бойынша бағалар

Әріп жүйесімен бағалау	Санды эквивалент балы	%-тті мағынасы	Дәстүрлі баға	ECTS бағалау
A	4,0	95-100	өте жақсы	A
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	жақсы	B
B	3,0	80-84		C
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74	қанағат	
C	2,0	65-69	қанағат	Д
C-	1,67	60-64		
Д+	1,33	55-59		
Д	1,0	50-54	қанағат	Е
F	0	0-49	қанағатсыз	FX, F

Оқып жүргендер пән бойынша Р 50% төмен алғандар, Retake өтулері міндетті (қайталап оқу және тапсыру).

Қорытынды бақылау – ауызша емтихан. Емтихан сұрақтары мен тапсырмалары теориялық және практикалық бөліктеріне қатысты дәрістік сабақтардың зерттеу жұмыстарына қатысынсыз анықталады, 1:1тең болады.

7 Курс саясаты:

- сабаққа кешікпеу және сабақты жібермеу;
- мұғалімнің ұсынған дәрісін мұқият тыңдау;
- сабаққа белсенді түрде қатысу;
- белгілі себептермен жіберілген зертханалық сабақтарды өтеу (деканаттан жеке рұқсат қағазы болған жағдайда);
- курстық жұмысты қорғауға семестр аяқталуынан бір апта бұрын өткізу;
- кітапханада және үйде өзбетімен оқу.

8 Академиалық этикалардың нормасы:

- тәртіптілік;

- ұқыптылық;
- адалдық;
- жауапкершілік;
- дәрісте ұялы телефондарды өшіріп жұмыс істеу.

Түсініспеушілік тудыратын жағдайлар оқу топтарында оқытушымен, эдвайзермен ашық талқылануы керек, ал түсіністікке қол жеткізілмесе бұл мәселе деканат қызметкерлеріне жеткізілуі керек.

Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Волков О., Скляренко В. Экономика предприятия. - М.: ИНФРА-М. 2003;
2. Грузинов В.П. Экономика предприятия (предпринимательская). - М.: ЮНИТИ, 2003 (795 б.);
3. Жиделева В.В., Каптейн Ю.Н. Экономика предприятия. - М.: ИНФРА-М, 2003 (133 б.);
4. Жолдасбаева Г.Ө. Кәсіпорын экономикасы. - А.: Экономика, 2002 (109 б.);
5. Зайцев Н.Л. Экономика промышленного предприятия. - М.: Инфра-М, 2002 (384 б.);
6. Зайцев Н.Л. Экономика, организация и управление предприятием. - М.: ИНФРА-М, 2004 (491 б.);
7. Истаева А.А., Вршинина Г.С. Экономика и планирование коммерческого предпринимательства. - А.: Экономика, 2000 (132 б.);
8. Кейлер В.А. Экономика предприятия. Курс лекций. - М. - Новосибирск: ИНФРА-М- НГАЭиУ, 2003 (129 б.);
9. Мейірбеков А.Қ., Әлімбетов Қ.Ә. Кәсіпорын экономикасы. - А.: Экономика, 2003 (250 б.);
10. Фатхутдинов Р.А. Организация производства. - М.: ИНФРА-М, 2000 (672 б.);
11. Экономика предприятия (фирмы). / Под ред. А.С.Пелиха - М.-Ростов-на-Дону: Маг 2004(512 б.);
12. Экономика предприятия: учебник для вузов / под ред. В.Я.Горфинкеля, Е.М.Купрякова М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 1996;
13. Экономика радиотехнической промышленности / под ред. В.К.Беклешова. - М.: Высшая школа, 1993;
14. Экономика электронной промышленности / под ред. П.М.Стуколова - М.: Высшая школа, 1983 (192 б.);
15. Экономика предприятия. / под ред. С.Ф.Покропивногo. - Киев: КНЭУ, 2003 (606 б.);
16. Шепеленко Г.И. Экономика, организация и планирование производства на предприятиях Ростов-на-Дону: МарТ, 2002 (544 б.);
17. Саймагамбетова Г.А. Организация и планирование производства. - А.: Экономика, 2004 (138 б.);
18. Экономика и управление в энергетике: Учеб. Пособие под ред. Н.Н. Кожевникова. - М.: Изд. Центр «Академия». 2003г.
19. Самсонов В.С., Вяткин М.А. Экономика предприятий энергетического комплекса: М.: Высш школа, 2003 г.
20. Дукенбаев К., Нурекен Е. Энергетика Казахстана. Технический аспект. Алматы, 2001, 312 стр.
21. Дукенбаев К. Қазақстан энергетикасы. Нарықтық қатынастар. Алматы: Ғылым, 1998. -350 б.

Қосымша әдебиеттер:

22. Экономика электроэнергетики: рыночная политика: Сб./ Отв. Ред. Э.Хоуп и др. Сибирское отделение Российской академии наук, 2001 г.
23. Е.М. Шабалин. Финансы энергетики. Учебник. М. Высшая школа. 1989г. 240 стр.

24. Багиев Г.Л. и др., Организация и планирование энергохозяйства промышленных предприятий. «Энергоиздат» ,1988г.
25. Самуэльсон и В.Нордхаус. Экономика, М., «Прогресс»,1989г.
26. Котлер Ф.Основы маркетинга. М. Экономика. 1990 г.
27. Окоороков В. Р. и др. Основы управления энергетическим производством. М. Высш. школа, 1987, 335 стр.
28. Златопольский А. Н., Прузнер С. Л. и др. Экономика, организация и планирование теплосилового хозяйства промышленного предприятия. М. Энергоатомиздат, 1995, 320 стр.
29. Дукенбаев К. Энергетика Казахстана и пути ее интеграции в мировую экономику. Алматы, 1996, 532 стр.
30. Волков А. Экономика предприятий. - М., 1998. – 261с.
31. К.Ш. Дүйсенбаев, Э.Т. Төлегенов, Ж.Г. Жұмағұлова. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау. Алматы.- Экономика, 2001, 328 бет.

Кафедра материалдары:

32. Даукеев Г.Ж., Жакупов А.А., Тохтибакиев К.К., Тузелбаев Б.И. Методология формирования тарифов в секторе электроэнергетики Казахстана: состояние, проблемы, перспективы // Энергетика и топливные ресурсы Казахстана. - 2000. - №2. – С. 26-33.
33. Ержанов С.И. Сала экономикасы: оқу құралы.- Алматы: АЭЖБИ, 2001, 200 бет.
34. Парамонов С.Г., Тузелбаев Б.И., Таранова Г.А. Экономика және өндірісті ұйымдастыру (есептік-сызба жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар) Алматы:АЭЖБИ, 2009.- 19 б.
35. Парамонов С.Г., Таранова Г.А., Тузелбаев Б.И., Саладағы экономика (зертханалық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар) Алматы:АЭЖБИ, 2009.- 25 б.
36. Тузелбаев Б.И. Сала экономикасы: Оқу құралы, АЭЖБИ: Алматы, 2007.